



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ, ЗЕРТТЕУ, НАСИХАТТАУ ҮРДСІНДЕГІ ӨТКЕН БЕЛЕСТЕР»
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

27 қазан, 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
“ОТЫРАР” МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК

**«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ, ЗЕРТТЕУ, НАСИХАТТАУ
ҮРДІСІНДЕГІ ӨТКЕН БЕЛЕСТЕР»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

27 қазан, 2021 ж.

Шәуілдір 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
“ОТЫРАР” МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК

Бас редактор:

Ж.М.Махашов - “Отырар” мемлекеттік археологиялық музей-қорығы”
РМҚК директоры м.а.

Бас редактордың орынбасары:

С.Ш.Ақылбек – “Отырар” мемлекеттік археологиялық музей-қорығы”
РМҚК директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары, г.ғ.м.

Жауапты хатшы:

А.А.Жұмашова - Этнография, әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімінің
менгерушісі, т.ғ.к.

Редакция алқасы:

Н.О. Алдабергенов - “Отырар” мемлекеттік археологиялық музей-қорығы” РМҚК ғылыми
кеңесшісі
Е.Т.Шоқай - Қор сақтау ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі
С.Т.Пәрменкүл - Археология ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі
Қ.А.Шохаев - Тарих және мәдениет ескерткіштерді қорғау бөлімінің меңгерушісі
Б.С.Сұлтанмұратов - Реставрация және консервация бөлімінің меңгерушісі
Н.Бекешов - Экспозиция, экскурсия және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.
«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК, 27 қазан, 2021 жыл -
Шәуілдір.

Бұл ғылыми жинақта отандық ғалымдар мен музей саласы қызметкерлерінің
халқымыздың өткен тарихы туралы, мәдени мұрамыздың сақталуы, Отырар өңірі
туралы зерттеулер, Қазақстанда туризмді дамыту мәселелері, қазіргі кезде
атқарылып жатқан жұмыстар туралы жазған еңбектері мен тың зерттеулері
топтастырылған. Жинақ жоғарғы оқу орнында білім алушыларға, докторанттарға,
магистранттарға, тарихшыларға, әдебиетшілерге арналған.

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді. Мақалаларды қайта
бастыруға ұсынылған немесе басқа да көшірме жасау жолында міндетті түрде жинаққа сілтеме
жасалуы қажет. Редакция алқасы ұсынылған ғылыми мақалалардың мазмұнына жауап бермейді.

Баспаға: “Отырар” мемлекеттік археологиялық музей-қорығы” РМҚК ұсынған

МАЗМҰНЫ

ҚҰТТЫҚТАУ.....	3
----------------	---

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Қ.С.Анарбаев

Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық тарихты зерделеу мен тарихи таным жолдарының кейбір мәселелері	4
--	---

Қ.Т.Тәжиев

Түркістан өңіріндегі керуен жолдары бойындағы тарихи-мәдени мұралар мен туризм ошақтары	8
---	---

МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

А.А.Құдайбергенова

Музей ісін насихаттауды жандандыру – Мәдени мұраны насихаттаудың негізі	29
---	----

Л.Е.Байгурсинова

Ұлы дала өркениеті - көне Тараз қалашығы	34
--	----

Д.Р.Тауасарова

Новый взгляд в старый мир	38
---------------------------------	----

Қ.Төлегенұлы, А.С.Ганиева т.ғ.к., Е.Рахманқұлов

Ақмола өңіріндегі қазақ қыстаулары туралы	43
---	----

Л.Жалғасбайқызы

Жанкенттен жеткен жәдігерлер	50
------------------------------------	----

А.А.Мамыт

Рахманқұл Бердібай – эпостық жырларды зерттеуші	53
---	----

Н.Нұрпейісов

Тұран тағдыры мен Тұран даласының дабылын жырлаған акын	57
---	----

Б.С. Сиздинов, К.М.Жетібаев, Қ.С.Арынов, С.С.Мургабаев,

М.М.Бахтыбаев, М.Гурсой, М.Қ.Амантуров,

Л.Ж.Малдыбекова, А.А.Сералиев

Сығанақ қалашығында 2021жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері	60
--	----

Д.С.Садуақасов

Ежелгі Сауран	65
---------------------	----

Б.Сиздинов, К.Жетібаев, М.Бахтыбаев, С.С.Мурнабаев, М.Гурсой

Ортағасырлық сығанақ қаласының қорғаныс жүйесінің зерттелуі	67
---	----

МУЗЕЙЛІК ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

А.Г.Жарылқапова

Ежелгі Тараз ескерткіштерін дәріптеудегі қорық-музейдің рөлі.....75

М.М.Абламбаева

Абай музейіндегі Мұхтар Әуезовке қатысты
жәдігерлер және жазушы мұрасының насихатталуы79

Ғ.Б.Байжігіт

Музейдің халқымыздың салт-дәстүрін жас ұрпаққа насихаттау қызметі84

Г.Каримолдақызы

Өз ісінің шебері89

Қ.Е.Есіркеп

Мұражай қорларындағы ағаш бұйымдарды
сақтаудағы зиянкестерге қарсы шаралар92

Қ.Ж.Жұбатқанова

Ақтөбе облысы тарихи өлкетанулық музейлері қорындағы
жергілікті қазақтардың материалдық мәдениет үлгілерінің сақталуы95

Р.А.Советхан

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музей-
қорындағы мәдени мұраның насихатталуы жұмыстары102

ОТЫРАР Өңірі туралы зерттеулер, қолданбалы өнерді дамыту

А.Т.Таубек

Шаншар (Төрткүл) қалажұрты108

Ж.Анарбай

Қолданбалы өнерді дамыту110

Б. Сиздиков, К. Жетібаев, М. Бахтыбаев, С.С.Мургабаев, М. Гурсой

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Археология ғылыми-зерттеу институты
(Қазақстан, Түркістан қ.)

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада Сығанақ қаласында жүргізілген зерттеулерді және ортағасырлық тарихи деректерді топтастыра отырып, қаланың қазақ халқының өткен тарихында алар орны мен маңызына қысқаша шолу жасалады. Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық ірі орталықтардың бірі болған Сығанақ қаласы, ерте заманнан-ақ мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамыған Сыр бойындағы маңызды қалаларының бірі болды. XI–XIII ғасырлар аралығында Қыпшақ хандығының басты орталықтарының бірі ретінде танылса, XIV–XV ғасырларда Ақ Орданың астанасы, ал XV–XVI ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болып, хандықтың саяси және экономикалық орталығына айналды. Ортағасырлық Сығанақ қаласының қорғаныс жүйесі, соның ішінде қақпасымен қамал қабырғаларының аз зерттелуіне байланысты, аталмыш тақырып аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қаланың қорғаныс жүйесінің өзіндік ерекшелігін анықтап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Мақалада Сығанақ қаласында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне тоқтала отырып, қаланың шығыс қақпасы мен қамал қабырғаларының архитектуралық ерекшелігіне, жасалу технологиясы мен құрлыс материалдарына талдау жасалынды. Сонымен қатар, аймақтағы ортағасырлық қалалардың қақпаларымен салыстырмалы талдау жасалынып, қосымша ғылыми тұжырымдар айтылды. Қазба жұмысы барысында алынған заттай деректер негізінде қаланың шығыс қақпасы мен қамал қабырғаларының мерзімі анықталды. Мақала BR10965310 «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды.

Кілт сөздер: Сығанақ қаласы, қорғаныс жүйесі, қақпа, қамал, Сырдария, ортағасыр, ортағасырлық қалалар.

B. SYZDYKOV, K. ZHETIBAYEV, M. BAKHTYBAYEV, S.S. MURGABAYEV, M. GURSOY

*Institute of Archaeology of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan)*

RESEARCH OF THE SYSTEM OF PROTECTION OF THE MEDIEVAL CITY OF SYGANAK

The article, based on medieval historical sources and research conducted on the medieval city of Sygnak, provides a brief overview of the role and significance of the city in the history of the Kazakh nation. One of the major centers on the Great Silk Road, the most important city on the Syr Darya, Sygnak has long been a well-developed culture, economy, crafts and trade, agriculture and cattle breeding. In the XI–XIII centuries it was known as one of the centers of the Kypchak Khanate, in the XIV–XV centuries it was the capital of Ak Orda, and in the XV–XVI centuries it was the capital of the Kazakh Khanate, becoming the political and economic center of the khanate. The defensive system of the medieval city of Sygnak, including the fortified walls with gates, has not been sufficiently studied, therefore, within the framework of this topic, we decided to conduct research work, identify the specifics of the city's defensive system and

introduce it into scientific circulation. The article examines the results of archaeological research carried out at the medieval settlement of Syganak, analyzes the architectural features of the eastern gates and fortress walls of the city, manufacturing technology and building materials. In addition, a comparative analysis of the Signak gate with the gates of medieval cities in the region was carried out and additional scientific conclusions were drawn. Based on field data obtained during the excavations, the chronology of the eastern gate and fortress walls was determined. The article is based on the research project BR10965310 "Object of historical and cultural heritage - a comprehensive archaeological study of the medieval city of Syganak".

Keywords: city Syganak, protection system, gate, castle, Syrdarya, middle ages, medieval cities.

Б. СИЗДИКОВ, К. ЖЕТІБАЕВ, М. БАХТЫБАЕВ, С.С.МУРГАБАЕВ, М. ГУРСОЙ

Научно-исследовательский институт археологии

Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан)

Исследование восточных ворот и крепостных стен средневекового города Сыганак

В статье на основе средневековых исторических источников и исследований, проведенных на средневековом городе Сыгнак дан краткий обзор роли и значения города в истории казахского народа. Сыгнак – один из крупных центров на Великом Шелкового пути, важнейший город на Сырдарье издавна в Сыгнаке была хорошо развита культура, экономика, ремесла и торговля, земледелие и скотоводство. В XI–XIII веках был известен как один центров Кыпчакского ханства, в XIV–XV веках-был столицей Ак Орды, а в XV–XVI веках столицей Казахского ханства, став политическим и экономическим центром ханства. Оборонительная система средневекового города Сыгнак, в том числе крепостные стены с воротами недостаточно изучена, поэтому в рамках данной темы мы решили провести научно-исследовательскую работу, выявить специфику оборонительной системы города и ввести ее в научный оборот. В статье рассмотрены результаты археологических исследований, проведенных на средневековом городище Сыганак, проанализированы архитектурные особенности восточных ворот и крепостных стен города, технология изготовления и строительные материалы. Кроме того, был проведен сравнительный анализ сыганакских ворот с воротами средневековых городов региона и сделаны дополнительные научные выводы. На основании натурных данных, полученных в ходе раскопок, были определены хронология восточных ворот и крепостных стен. Статья подготовлена в рамках научного проекта «BR10965310 Комплексное археологическое исследование объекта историко-культурного наследия - средневековое городище Сыганак».

Ключевые слова: город Сыганак, ворота, замок, Сырдарья, средневековье, средневековые города.

Kіріспе

Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі ортағасырдағы қалалардың бірі Сығанақ қаласы – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылының солтүстік-батысында 2 км жерде орналасқан. Сығанақ қаласы халқының, сонымен қатар түркі халықтарының тарихында алар орны ерекше. Өйткені қала тарихта Қыпшақ хандығының (XI–XIII ғғ.), Ақ Орданың (XIV–XV ғғ.), Қазақ хандығының (XV–XVI ғғ.) астанасы болған [1, 3-6.]. Алғашқы орыс ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда Сығанақ қаласына XIX ғасырдың екінші жартысынан көңіл бөле бастаған. Алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды зерттеу мақсатында жіберіледі. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқандығы туралы және сол кездегі сақталуы жайында ақпарат берген [2, 38-6.]. Ал 1892 жылы өлкетанушы Е.А. Смирнов Ташкенттен Қызылордаға жасаған барлау жұмыстары кезінде Сығанақ қаласында болып, оның аумағымен, Төменарық пен қаланың

суландыратын жүйесін сипаттаған. Өкінішке орай, қала туралы ешқандай мағлұмат келтірмеген [3, 7-б.]. Ал, 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттаған және қаланың шығыс қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. Сонымен қатар ғалым ортағасырлық Сығанақ қаласын сипаттай келе, қала қамал қабырғаларымен қоршалғандығы жайында, қызыл кірпіштен жасалған мешіт күмбездері жартылай сақталғандығы жайында мағлұматтар береді [4]. 1906 жылы қалада археолог И.А. Кастанье зерттеу жұмыстарын жүргізіп, В.А. Каллаурдың қала туралы жазған мағлұматтарын толықтыра түседі [5, 189–192-бб.]. 1927 жылы РА-ның жанындағы Материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласында А.Ю. Якубовский зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол қаланың топографиясына ерекше көңіл бөліп, қала жанындағы сақталып тұрған ескерткіштердің суретін түсіріп, сипаттайды. Сонымен қатар, ғалым қала туралы мағлұматтарды жинақтай отырып, ғылыми мақаласын жарыққа шығарады [6].

1947 жылы қалаға ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А. Бернштам ескерткіш аумағында болып, қаланың топографиялық жобасын түсіріп, жинастырылған материалдар негізінде қаланың б.з.б. кезеңнен, яғни, қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығы туралы мағлұмат келтіреді [7, 59–99-бб.]. Сонымен қатар, қалада ОҚАЭ-ның мүшесі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау барысында жұмыс жүргізіп, жинастырылған материалдар негізінде қаланың V–VIII ғасырда өмір сүріп, одан кейін құлдырап, XII–XVI ғасырларда қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады [8, 206–208-бб.]. Дегенмен, жоғарыда аты аталған ғалымдар қалада археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген, тек барлау жұмыстарын жүргізе отырып, қаланы және қала маңындағы ескерткіштерді сипаттаған. Сонымен қатар, қала үстіндегі материалдарды жинастыра отырып, қаланың өмір сүру кезеңін анықтауға тырысқан.

XX ғасырдың 70-ші жылдары қалаға ОАЭ-ның Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А. Ақышев пен К.М. Байпаковтар қаланы топографиялық жағынан зеріттеп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген [9].

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ешбірі қалада археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген. Соның әсерінен қала ғалымдардың назарынан тыс қалып, 2000 жылға дейін зиратқа айналып кеткен. Қаланың археологиялық жағынан сақталу жағдайы өте нашар. Қалада 2003 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археолог ғалымдары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Кешенде осы күнге дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың шығыс қақпасы, қақпа маңындағы қамал қабырғалары, қала аумағындағы тұрғын үй бөлмелері, қаланың орталық мешіті, қала аумағындағы кесенелер ашылып, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар, қаланың екі жеріне стратиграфиялық кесінділер салынып, қаладағы мәдени қабаттардың хронологиясы анықталды [18, 77–78-бб.].

Сығанақ қаласының шығыс қақпасының зерттелуі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасын анықтау мақсатында 2011 жылы Сығанақ қаласының шығыс бұрышындағы қақпа орны деп белгіленген алаңда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Аталмыш нысан Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс бұрышында орналасқан. Қақпаның топографиялық жобасында құрылыс ерекшелігі анық байқалады. Қақпа орны деп белгіленген алаң, қаланың қамал қабырғасынан 35–40 м сыртқа шығыңқы болып келуде. Қақпаның екі қапталында қабырғалар қаланы қоршап тұрған негізгі қамалға жапсарлана салынған. Қақпаның екі қапталындағы қамал қабырғасында қосымша қақпа күзетшілеріне арналған немесе соғыс барысында қақпа бұзушыларға қарсы садақшыларға арналған екі мұнара орналасқан. Қақпа құрылысының ішкі бөлігінде солтүстік-батысқа бағытталған негізгі көше орналасқан. Қақпаның сыртқы бөлігінде қаланы тұтастай қоршап тұрған

ордың ізі байқалады. Қазба орны шартты түрде №9 қазба болып белгіленді. Қаланың негізгі ірі қақпасы болып саналатын шығыс қақпасының орнындағы өте қалың өскен сексеуіл мен жыңғыл, жантақ т.б. өсімдік қабатынан тазартылды. Ол қаланы қоршаған негізгі қамалға жапсарлана салынып, шығыс бағытта шамамен 35-40 м созылып жатыр. Топографиялық жобадан анықталып отырған құрлыс орындарын негізге ала отырып, қақпаның құрлымын анықтау мақсатында қазба жұмыстары жүргізілді (1-сурет) [10, 77-92-бб.].

Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасында 2011–2013 жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде қақпаның оңтүстік-шығысқа бағытталғандығы, қақпа алдында қаланы тұтастай қоршап тұрған ордаң орналасқандығы, қыш қаптамалы платформаларға аспалы көпірдің орналасқандығы және қақпаның оң және сол қапталында ауданы 4 м шамасында екі мұнаның орналасқандығы анықталды. Сондай-ақ, қақпа тұғырының орындары, күйдірілген қыш сынықтары төселінген еден және қамал қабырғасына бағытталған кесекпен қаланып, екі қатар қышпен қапталған қабырғалар анықталды [10, 77-92; 11-б.; 12, 14-26-бб.]. Дегенмен, қақпа нашар сақталған. Оған біріншіден, құрлыс қабаттың сақталуына кері әсерін тигізетін қалың өсімдік қабаты, екіншіден, кеңес өкіметі тұсында ескерткіш маңайындағы күріш алқаптарының сулары қала айналасында жиналуы, үшіншіден, бұл қақпа арқылы 2009 жылы қазба басталғанға дейін қала орталығына ауыл тұрғындарының үлкен жүк машиналарымен кіруі себеп болған.

Қазба жұмысы барысында қақпаның ішкі бөлігінен қақпаға жапсарлана салынған қыш қаптамалы қабырғаның оң қапталынан қыш қаланды қорғаныс ойықтары анықталды. Қақпаның архитектуралық құрлымын және қорғаныс ойықтарының орналасуын негізге ала отырып қаланың ішкі қақпасы болуы мүмкін деген тұжырымға тоқталудамыз. Себебі, қақпаның екі қапталындағы қамал қабырғасымен қақпа мұнараларына жапсарлана салынған қабырғалардың иіліңкі орналасуы және жоғарыда аталған қорғаныс ойықтарының аузы ішке қарай ашылуы бұл пікірімізді нақтылай түседі. Қабырғаларының иіліңкі орналасуы қақпа бұзушылардың қозғалысына кедергі туғызады және жоғарыда айтылған қорғаныс ойықтар арқылы жауға қарсылық көрсете отырып, ішкі қақпаны қорғаған болуы мүмкін. Себебі, аталмыш ойықтар сыртқа емес ішке бағытталған. Осы себептерге байланысты, біз ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасының ішкі бөлігінде екінші қақпаның болуы мүмкін деген тұжырымға тоқталудамыз (2-сурет).

Ортағасырлық ескерткіштерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ішкі және сыртқы қақпадан тұратын ортағасырлық қалалар анықталуда. Ішкі және сыртқы қақпалары бар ортағасырлық қалалардың бірі ретінде Ортағасырлық Отырар қалажұртын айтуға болады. Отырар қалажұртының басты қақпасы болып саналатын оңтүстік қақпасының ішкі бөлігінен екінші қақпаның орны анықталған (3-сурет). Ішкі қақпаның алдындағы қабырғалар тік бұрышты қиылыстар арқылы орналасқан [13, 413–430-бб.]. Яғни, ішкі қақпаның алды тар болып келуде. Қақпа алдының тар болуы қақпа бұзушылардың қозғалысына кедергі туғызады және екі қапталындағы қорғаныс ойықтар арқылы жауға қарсылық көрсете отырып ішкі қақпаны қорғау мүмкіндігі туады.

Сығанақ қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қақпаның ішкі бөлігінен қақпаға жапсарлана салынған қыш қаптамалы қабырғаның сол қапталынан сыртқа шығыңқы орналасқан қыш қаланды мұнара орны және қақпа күзетшілеріне арналған бөлме орындары анықталды [19, 7–17-бб.]. Қақпа ішіндегі күзетшілерге арналған бөлмелер ортағасырлық Сауран және Отырар қақаларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында да анықталған (4-сурет) [14, 8–26-бб.]. Аталмыш бөлмелердің көлемі кіші болып келуде және мұнараға жақын немесе жапсарлана орналасқан.

Ортағасырлық Сығанақ қаласының қақпа құрлысында кесек, күйдірілген қыш, тас, ағаш және маңайдағы XII-XIV ғасырларға жататын кесенелердің әрлеуші қыш қаптамалары пайдаланылған. Қақпа құрлысында пайдаланылған қыштардың көлемдері әр түрлі болып келуде: 27x27x5, 26x26x5, 23x23x5 см.

Ортағасырлық Сығанақ қаласының қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылыс болып табылады. Бұл қақпа осы өңірдегі анықталған Сауран, Отырар қалаларының қақпа құрылысынан өзгешелеу болып келуде. Өкінішке орай, көптеген ортағасырлық қалалардың қақпасына арнайы қазба жұмыстары жүргізілмеген. Мысалы, Отырар қаласы қақпасының мұнара құрылысы қала платформасынан сыртқа шығыңқы етіп салынған, осы ерекшелікті белгілі бір дәрежеде Сауранның қақпа құрылысынан да байқаймыз. Сондай-ақ, бұл екі қала қақпаларының да алдында аспалы көпірге арналған тіреу бар. Ал, Сығанақ қаласының қақпасының алдында аспалы көпірге арналған тіреу әлі күнге дейін анықталмады. Дегенмен, алдағы уақытта кең көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде анықталуы мүмкін. Сығанақ қаласының негізгі платформасы күйдірілген қыштан қаланған, алдыңғы екі қапталдағы мұнарасы да күйдірілген қыштан қаланған және негізгі платформа алға 4,5 м шығыңқы болып орналасқан. Платформаның анықталған ең биік жері 1,7 м және төмен қарай жалғасып жатыр, дегенмен, қазба барысында жер асты суының шығып кетуіне байланысты толық ашылмады. Сығанақ қаласының басты қақпасының қазба жұмыстары жүргізілген ортағасырлық Сауран және Отырар қалаларының қақпаларынан ерекшелігі, қақпаның ішкі бөлігінде қақпа күзетшілеріне қосымша бір мұнара орналасқан. Аталмыш мұнара қақпаның ішкі бөлігінің сол қапталында орналасқан. Мұнара 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде анықталған болатын. Сығанақ қаласындағы нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатқан «Қазқайтажаңғырту» Республикалық мемлекеттік мекемесінің бас сәулетшісі Н. Имажанов аталмыш мұнараның екіншісі қақпаның оң қапталында да болу керек деген пікірді ортаға салуда. Н. Имажанов, қаланың қорғаныс жүйесін және қақпаның архитектуралық ерекшелігін негізге ала отырып, қақпаны күзетуге арналған қосымша мұнараның екіншісі де болуы керек деген тұжырымға тоқталуда.

Қақпаның хронологиясына келер болсақ, қазба жұмыстары барысында алынған археологиялық деректер қақпа құрылысының мерзімін анықтауға мүмкіншілік туғызуда. Қақпа орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XIV–XVI ғасырларға жататын бернеше мыс теңгелер және XII–XIV ғасырларға жататын әрлеуші қыш қаптамалардың бөліктері алынды. Табылған мыс теңгелердің арасында гүл іспеттес таңбалы «Сарай әл Джадид» деген жазуы бар XIV ғасырға жататын Жошы тұсындағы тиындар және жазуы сақталмаған XV–XVI ғасырларға жататын фельстер кездесуде. Қазба барысында қақпаның кіре берістегі күйген қыштан қаланған платформаның құландысы арасынан және мұнара қаландысы арысынан әртүрлі көлемде және әркелкі ою-өрнекпен кескінделген XII–XIV ғасырларға жататын әрлеуші қыш қаптамалардың бөліктері көптеп алынды. Пайымдауымызша әрлеуші қыш қаптамалар қала айналасындағы ортағасырлық құрылыс нысандарынан (кесенелерден) алып келіп қақпа құрылысына пайдаланған болуы мүмкін. Себебі, аталмыш әрлеуші қыш қаптамалар сынық бөлшектер күйінде қыш қаландылар арасынан кездесуде.

Сығанақ қаласының қамал қабырғаларының зерттелуі

Ортағасырлық Сығанақ қаласының қамал қабырғаларының жүйелі түрде зерттелуі 2009 жылдан бастау алады. 2009 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері Сығанақ қаласының солтүстік-батыс бөлігіндегі қамал қабырғасын зерттеу мақсатында көлемі 14x4 м аланда стратиграфиялық қазба салынды. Аталмыш стратиграфиялық қазба 2009-2011 жылдар аралығында жүргізіліп, 9 м тереңдікке дейін қазылып (18-ярус), 6 құрлыс қабаты анықталды. Қамал қабырғасына салынған стратиграфиялық қазба жұмысының нәтижесінде қамал қабырғасының 4 құрлыс қабатынан бастау алатындығы анықталды.

Қамал қабырғасының астына 0,5-1 м қалыңдықта топырақты тығыздау арқылы платформа жасаған. Дайындалған платформаның үстіне қамыс төсеп, оның үстіне саман аралас кірпіштен және пахсадан қамал қабырғасы бой көтерген. Анықталған кесектердің көлемі 12x20x40 см. Кесектер

саман аралас ашық сарғыш түсті саз балшықтан құйылған. Стратиграфиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қамал қабырғасында бірнеше рет жөндеу жұмыстары жүргізілгендігі анықталды. Себебі жоғарғы қабаты төмен қарай бірнеше рет ішіне қарай жылжытылған (5-сурет). Қазба жұмысы барысында алынған заттай деректер негізінде аталмыш қалада XIII-XVIII ғасырлар аралығында үздіксіз тіршілік жасағандығы анықталды.

Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасының оң және сол қапталындағы қамал қабырғалары 2019–2020 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ашылды. Қала қақпасының сол және оң жақ бөліктеріндегі қамал қабырғасының сыртқы бөліктерін ашу мақсатында тазалау жұмыстары жүргізілді және ені 2 м болып келетін барлау кесіктері салынды. Қазба жұмысы барысында, қамал қабырғаларының үстіңгі бөлігінен XVII–XVIII ғасырларға жататын керамика сынықтары, қыш қаптамалардың бөліктері және көп мөлшерде ұшы кесілген киік мүйіздері алынды. Салынған кесіктердің нәтижесінде қамал қабырғасының құрылысы анықталды. Қамал қабырғасының сырты толығымен құланды бос топырақтан тазартылды. Қабырғаның қара және сары саз балшықтан жасалған платформаның үстінде салынғандығы анықталды. Қабырға оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталап жатыр, көлемдері 12х20х40 см болып келетін қам кесектен қаланған. Қабырғаның арасына табан деңгейінен 1 м биіктікте 0,5 см қалыңдықта қамыс төселген және осы төменгі қабаттың қам кесек қаландылары сары түсті саз балшықтан жасалғандығы анықталды. Анықталған кесектердің көлемі 42х27х12 см. Кесектер ашық сарғыш түсті саз балшықтан құйылған [15, 7–21-бб.].

Сол жақ қамал қабырғасының 50 м ұзындықта және 2,5 м биіктікте ашылды. Нәтижесінде қабырға көлемдері 12х20х40 см болып келетін қам кесектен қаланғандығы анықталды. Ал, оң жақ қамал қабырғасы болса 30 м ұзындықта және 2,5–3 м биіктікте ашылды. Сондай ақ, осы бөлікте қамал қабырғасының мұнарасының сырты ашылып, сыртқы аумағының көлемі 24 м, биіктігі 2–4 м екендігі анықталды. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, анықталған шығыс қақпасында, қамал қабырғасында және мұнарада Қызылорда облысының «Қазқайтажаңарту» РМҚ Қызылорда филиалы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді (6-сурет) [16, 16–17-бб.; 17, 312–325-бб.].

Қорытынды

Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылыс болып табылады. Өкінішке орай, аймақтағы көптеген ортағасырлық қалалардың қақпасына арнайы қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен нақты үлгілерін анықтауға мүмкін болмады. Сығанақ қақпасын өңірдегі анықталған ортағасырлық Сауран, Отырар қалаларының басты қақпаларымен салыстырмалы талдау жасай отырып, қақпа құрылымдарының ұқсастығы мен ерекшелігі анықталды. Аталмыш қалалардың қақпаларында аспалы көпірлердің орналасуы, қақпаның ішкі бөлігінде күзетшілерге арналған бөлмелердің орналасуы және ішкі бөлігінің құрлымы тар қиылыстар түрінде болып келуі бір-бірімен ұқсастығын көрсетуде. Ал, Сығанақ қаласының шығыс қақпасының ортағасырлық Сауран және Отырар қалаларының қақпаларынан ерекшелігі, қақпаның ішкі бөлігінде қақпа күзетшілеріне қосымша бір мұнарасының болуы және негізгі платформа алға 4,5 м шығыңқы болып орналасуында. Сонымен қатар, қақпаның ішкі бөлігінен қақпаға жоспарлана салынған қыш қаптамалы қабырғаның оң қапталынан қыш қаланды қорғаныс ойықтарының орналасуы, аталмыш қақпаның жоғарыда аталған қақпалардан ерекшелігін көрсетеді.

Қақпаның хронологиясына келер болсақ, қазба жұмыстары барысында алынған археологиялық деректерге сүйене отырып, қақпа құрылысының уақытын анықтадық. Қақпа орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XIV–XVI ғасырларға жататын бірнеше мыс теңгелерді негізге ала отырып, шығыс қақпаның XIV–XVI ғасырларға жататындығы анықталды. Табылған мыс теңгелердің арасында гүл іспеттес таңбалы «Сарай әл Джадид» деген жазуы бар XIV ғасырға жататын Жошы тұсындағы тиындар және жазуы сақталмаған XV–XVI

ғасырларға жататын фельстер жоғарыда келтірген пікірімізді дәлелдеуде.

Әдебиеттер:

1. Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.) – Түркістан: Тұран баспасы, 2009. – 246 б.
2. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – Санкт-Петербург, 1870. – 38 б.
3. Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарыя / ПТКЛА от 17 февраля 1897. – 7 с.
4. Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом 1219 г. / ПТКЛА. Приложения к протоколу от 7 февраля 1900.
5. Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. – Оренбург, 1911. – 189–192 б.
6. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака / Сообщения ГАИМК. 1929.
7. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана / Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Выпуск 2. – Алматы, 1949. – 59–99 б.
8. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды ИИАЭ АН Каз ССР. Т.5. – Алматы, 1958. – 215б.
9. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – Алматы, 1970. – 207 б.
10. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Арынов Қ. 2011 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2011. – 133 б.
11. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Арынов Қ. 2012 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2012. – 145 б.
12. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Арынов Қ. 2013 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2013. – 49 б.
13. Ақылбек С.Ш. Цитадели Отрара / Археологияның шыңына шыққан К.А. Ақышевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2014. – Б. 413–430.
14. Елеуов М., Ақымбек Е., Қалиев С., Әлжанов Р. Тұран археологиялық экспедициясының 2005 жылы Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасаған «Ортағасырлық Сауран қаласы» келісім шарт тақырыбында жүргізген зерттеулері. – Түркістан, 2005. – 8–26 б.
15. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Сиздинов Б., Гурсой М., Амантуров М., Малдыбекова Л. «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша 2019 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп. – Түркістан, 2020. – 118 б.
16. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Сиздинов Б., Гурсой М., Амантуров М., Малдыбекова Л. «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша 2019 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп. – Түркістан, 2019. – 161 б.

17. Жетібаев К., Жолдасбаев С., Арынов Қ., Бахтыбаев М. Сығанақ қалашығында 2019 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №2 (116). – Б. 312–325.

18. Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. Volume 9, Issue 5, 2013. – P. 73–82.

19. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Арынов Қ. Сығанақ қалашығының шығыс қақпасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – Б. 7–17.

**«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ, ЗЕРТТЕУ, НАСИХАТТАУ
ҮРДІСІНДЕГІ ӨТКЕН БЕЛЕСТЕР»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

27 қазан, 2021 жыл

Компьютерде беттеген: Қ.А.Шохаев
Корректор: С.З.Айтбай

